

ҒТАХР 06.73
ӘОЖ 336. 22

А.Б. АЙДАРОВА,¹

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент).

Г.Е. МАУЛЕНКУЛОВА,¹

Э.ғ.к., доцент.

К.К. МАМУТОВА,¹

Э.ғ.к., доцент.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан мемлекеттік университеті¹

КӘСІПОРЫН ТАБЫСЫНА САЛЫҚ САЛУДЫ ТИІМДІ РЕТТЕУДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Андатпа

Қазіргі таңда экономиканың басты мақсаттарының бірі кәсіпорындарға түсетін салық деңгейін анықтау, корпоративтік табыс салығының кәсіпорын жағдайына әсерін анықтап, оған терең талдау жасау арқылы қажетті шараларды қолдану болып табылады. Мақалада кәсіпорын табысына салық салуды тиімді реттеуді ынталандыру әдістерін жетілдіру жолдары қарастырылған. Кәсіпорын қызметін салықтық реттеу әдістерінің жүзеге асырылуын корпоративтік табыс салығын реформалаудың негізгі мақсаты – есептеу рәсімін оңайлату және төмен салық ставкалары кезінде салық жеңілдіктерін оңтайландыру. Шағын және орта бизнес үшін корпоративтік табыс салығын алдын ала төлеу талабы алынып тасталады. Қазақстандағы кәсіпорындардағы салықтық ынталандыру әдістерінің жүзеге асырылуын жетілдіру мақсатында ынталандыруды жақсартуға мүмкіндік беретін кәсіпорындарға, шаруашылық жүргізуші субъектілерге, шағын және орта бизнес нысандарына салық ауыртпалығын азайтудың тиімділігі – кәсіпорындардың, кәсіпкерлердің өз табыстарын жасыруын азайтады, салық төлеуден жалтарушылықты жояды, кәсіпкерлік белсенділіктің арттырылуына кәсіпорындардың көптеген бизнес-құралдарының босатылып шығарылуынан отандық өндірісті қосымша инвестициялауға бағыттайды. Салық салудың ынталандыру механизмі кәсіпорындарды табыс табуға белсендіріп, өндірістің қарқынды дамуы мен бюджетке салықтардың толық көлемде, әрі уақытылы түсуін қамтамасыз етіп қана қоймай, көлеңкелі бизнестің жойылуына әсер етіп, жалпы экономиканың дамуына оң ықпалын тигізеді.

Тірек сөздер: кәсіпорын, табыс, салықтық ынталандыру, салық ауыртпалығы, салық салу, реттеу, бизнес-құралдар, өндірісті инвестициялау.

Қазіргі таңда экономиканың басты мақсаттарының бірі кәсіпорындарға түсетін салық деңгейін анықтау, корпоративтік табыс салығының кәсіпорын жағдайына әсерін анықтап, оған терең талдау жасау арқылы қажетті шараларды қолдану болып табылады.

Салықтың салу элементтеріне негізделген, қазіргі салықтық төлемдерді төлеу мен есептеу тетігі кәсіпкерлердің мүдделеріне белсенді әсерін тигізіп отыр. Салық салынатын нақты нысандар салық төлеушінің мүдделерінің шеңберінде орын алады, оның ішінде бюджетке төленетін төлемнің қосындысы, қандай да бір жеңілдікті пайдалану мүмкіндіктері, нақты салық салынатын тұлғалар, салықтың үстемесі, салықтың мерзімдері.

Негізінен салық саясатының реттеушілік қызметі кәсіпорындарға салық салу арқылы аса жақсы байқалады. Салық салу жүктемесінің жоғары болуы кәсіпорынның «көлеңкелі бизнеске», не болмаса банкрот болып жойылуына алып келуі мүмкін. Өткен ғасырдың 50-жылдары американдық ғалым Лаффердің дәлелдеп берген теориясы мен сызған графигі бұған айқын дәлел бола алады. Онда салық ставкасымен салық төлеу арасындағы пропорционалды байланыс сипатталады. Яғни ол бойынша салықтың ставкасы белгілі бір деңгейге дейін салық түсімдері жоғары қарқынмен түседі, ал ол шектен асқан кезде салық төлеудің бірден кемитіндігі байқалады [1].

Кәсіпорындарға салық салу арқылы мемлекет бюджет кірісінің нығаюы және өсу мүмкіндіктеріне өз септігін тигізеді.

Кәсіпорын қандай өнім өндіреді, қай салада қызмет көрсетеді, болашақта қандай жоспарлары бар осының бәріне, яғни қаржылық жағдайына мемлекеттің салық салу арқылы әсер етуі байқалады. Бұл әрине олардың қаржы жоспарын жасағанда ерекше ескеріліп отырады.

Корпоративтік табыс салығын алудың механизмі заңды тұлғаларды, төлеу мерзімі мен есептеудің, төлеудің тәртібін, алу шарттарын, жеңілдіктерді, шектеулерді пайдалану шарттарын айқындайды. Бұл механизм бойынша салықты табыс алатын заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері, кәсіпкерлік қызметтен алатын табысы бойынша бюджеттік ұйымдар мен коммерциялық емес ұйымдар төлейді. Салық салудың негізгі объектісі болып жылдық жиынтық табыс пен заңды бекітілген шегерімдер арасындағы айырмашылық ретінде анықталған салық салынатын табыс [2]. Салық төлеушінің көзделген табыстар мен шығыстар сомасына және белгіленген тәртіппен ауыстырылатын залалдары сомасына азайтылған салық салынатын табысы 20%-дық ставка бойынша салық салуға жатады.

Негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын салық төлеушінің болжамды кірістер мен шығыстар сомасына және көшірілген залал сомасына азайтылған салық салынатын табысына белгіленгендей 10% ставка бойынша салық салынады.

Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табыстарын қоспағанда, салық салынатын табысқа 10% ставка бойынша төлем көзінен салық салынады.

Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жұмыс істейтін резидент емес заңды тұлғаның таза табысы белгіленген 15%-дық ставка бойынша корпоративтік табыс салығына жатады [3].

Табыс салығын төлеуші кәсіпорындар, мемлекеттік кіріс органына тұрғылықты жері бойынша табыс салығы декларациясын жылдың 31 наурызынан кешіктірмей және келесі салық кезеңі үшін хабарланады. Біртіндеп бұл ең негізгі салықтың төмендетілуі кәсіпкерлік белсенділіктің арттырылуына, кәсіпорындардың көптеген айналым құралдарының босатылып шығарылуына әкеледі, олар өз жағынан отандық өндірісті қосымша инвестициялауға бағытталады. Бұл негізгі салықтың есептелуі қаржылық есептің халықаралық салық базасының мөлшерін дұрыс анықтауға және корпоративтік табыс салығы бойынша салық есебін оптимизациялауға мүмкіндік береді. Бұл қазақстандық кәсіпкерлер үшін жақсы қолдау болады.

Елімізде корпоративтік табыс салығы бойынша жеңілдіктер келесі топтар бойынша ұсынылады:

- ♦ салық төлеушілердің белгілі топтарына (түрлі арнайы салық режимдері арқылы);
- ♦ экономиканың белгілі бір секторына және аймақтарға (арнайы экономикалық аймақтар құру арқылы оларға жеңілдік режимін ұсыну);
- ♦ экономиканың нақты бір секторына бағытталған инвестицияға (инвестициялық салық преференциялары).

Арнаулы салық режимдерін жеке тұлға және заңды тұлға да қолдануға құқылы.

Оның мәні біріншіден, арнайы салық режимін қолдануға құқылы тұлға өзінің салықтық міндеттемесін жеңілдетілген түрде орындауында болса, екіншіден ол мемлекеттің кәсіпкерлерді бизнесі ауқымы өскен сайын жалпыға ортақ режимге көшіруге бағытталған әрекеті.

Сонымен қатар, Қазақстанда салық мөлшерлемесін төмендету арқылы бизнесті ынталандырып, нәтижесінде бюджет түсімдерінің ұлғаюына алып келді.

Салықтар ел экономикасында ерекше орын алатындықтан, салықтық саясатты, салықтық жүйені жетілдіру шаралары үнемі жүргізіліп отыруы керек.

Салық салу объектілері бұл кіріс немесе пайда, олар кәсіпкерлік тұлғалар үшін маңыздылығымен ғана емес, сонымен қатар олардың құрамдас бөліктерімен де ерекшеленеді. Экономикалық теорияда пайда тауардың өндіріс шығындарынан артық құны ретінде қарастырылады. Бұл категорияның сапалық сипаттамасына сәйкес пайда – қосымша құнның айналмалы нысаны. Демек, пайда қосылған өнімнің құнына негіз болатын экономикалық мазмұны бойынша біртекті шама ретінде қарастырылады. Жалпы табыс, керісінше, біртекті емес экономикалық санат. Ол қосымша құнды да, аванстық айнымалы капиталды да қамтиды. Осылайша жалпы табыс, пайдадан еңбек ақы төлеу бойынша ұйым шығындары шамасымен ерекшеленеді. Біртектілік салық салу объектісі ретінде пайда мен табысты таңдауда мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық мүдделеріне оң да, теріс те әсер етуі мүмкін [4].

Қазақстан Республикасында жалпы табыстың экономикалық мазмұнының біртекті және біртекті еместігі салық салу тұрғысынан жаңадан қалыптастырылған құнның тұтас көлеміне үстемені орнату, тек қосылған құнды қамтитын пайдаға салынатын салықпен салыстырғанда мемлекетке едәуір фискалдық артықшылықтарды береді. Сол себептен жалпы табыс салығы

мемлекеттің салықтардың қазыналық мүдделерін қорғаған кезде пайдаға салынған салықпен салыстырғанда салық салу нысаны ретінде тартымдырақ келеді. Жалпы табысқа салық салу салықтық төлемнің дұрыс құрылмауы жағдайында жаңадан қалыптастырылған барлық пайда мен кәсіпорынның айналымдағы қаражаттарын бюджетке тартып алуы мүмкін, бұл өз кезегінде шаруашылық тұлғаның қайта өңдеу үдерісі бұзылуын туғызады. Таза табысқа салық салу осы ұғымның біртұтастығына байланысты жоғарыда айтылған кемшіліктерге жол бермейді.

Табыс пен пайданың көрсетілген артықшылықтары мен кемшіліктері салық салу нысаны ретінде іскерлік экономикалық цикл фазасының әсерімен теңестірілуі мүмкін, олар әсіресе елдегі дағдарыс пен экономиканың жоғарылауынан байқалады. Пайдаға салынатын салықтың төлемдері күрт төмендейді. Табысқа салынатын салықтарды төлеу айналымдағы қаражаттар есебінен кәсіпорынның қаржылық жағдайын одан әрі төмендетеді. Мұндай жағдайларда пайда салығы бойынша төлемдер күрт төмендейді. Айналым қаражаты есебінен табыс салығы бойынша түсімдер кәсіпорынның қаржылық жағдайының неғұрлым терең тұрақсыздығына әкелуі мүмкін. Дағдарыс экономиканың құлдырауымен, кәсіпорындардың табыстылығы (рентабельділігі) деңгейінің төмендеуімен сипатталады. Экономиканың өсу жағдайында табысқа салық салу қажетті өнімнің бір бөлігін салық төлеміне тарту ықтималдығы айтарлықтай төмендетеді. Фискалдық әсерден басқа, табысқа салынатын салық реттеуші мәнге ие болады. Ол «экономиканың қызып кетуіне» алып келетін кеңейтілген тұтыну салдарынан туындайтын инвестициялық өсімді тежеуден көрінеді. Пайданың біртектілігі оның өсуін немесе төмендеуін неғұрлым жедел қадағалауға, көрсетілген үдерістерге әртүрлі факторлардың әсерін анықтауға ықпал етеді [5].

Салық салу мақсатында кәсіпорындардың түрлері мен кірістерге салық салу объектісі құрылымының нұсқаларын қарастыру қажет. Тұрақты жағдайларда қызмет ететін ұйымдарға тән нұсқа өндірісті әртараптандыру деңгейі жоғары ірі кәсіпорындар болып табылады. Мұндай типтегі компаниялар әдетте нарықтың қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін, бірақ жаңалық болып табылмайтын стандартталған өнімдерді шығарады, яғни, олар жаңа тауарды ойлап таппай, оларды енгізеді, соның арқасында нарықта көшбасшы орын алады. Аталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде жалпы табыстың тұрақты өсу қарқыны бар, оның құрылымында пайданың айтарлықтай үлес салмағы қалыптасады. Еңбекке ақы төлеу шығыстары, әдетте, сала бойынша орта есеппен салыстырғанда жоғары, ал тұрақты капитал шығындары төмен, бұл жаңалықтардың жоқтығымен, сондай-ақ өндіріс көлемінің оң әсерімен түсіндіріледі.

Жалпы кіріс құрылымының екінші ықтимал нұсқасы жаңа өнім шығаруға көшетін кәсіпорын үшін, яғни өз қызметін әртараптандыратын кәсіпорын үшін тән. Бұл жағдайда тұрақты капитал шығындарының шамасы өзгеріссіз қалады, ал еңбек шығындарының үлесі күрт артады, бұл жалпы табыстың өзгермеген шамасы кезінде пайданың төмендеуіне әкеледі. Салық ставкасын бірінші нұсқадағы деңгейде сақтай отырып, бюджетке барлық пайда алынатын болады. Бұл жағдайда жалпы табысты салық салу объектісі ретінде қолдану негізінен фискалдық мәнге ие екені анық. Пайданың едәуір бөлігін бюджетке аудару оны әртараптандыру арқылы қызметті жүргізу тәуекелін азайту үшін ұйымның өзіндік төлемі ретінде қаралуы мүмкін. Алайда мұнда жаңа тауар өндірісіне инвестициялау үшін салық салынғаннан кейін кәсіпорынның иелігінде қалатын пайданың жеткіліктілігі проблемасы өзінің өзектілігін сақтайды [6].

«Жеткілікті пайда» көрсеткішін есептеу – өте күрделі міндет, өйткені ол көптеген түрлі факторларға байланысты, олардың жиынтығын іс жүзінде есепке алу мүмкін емес. Осыған байланысты салық салу объектісі ретінде осындай кәсіпорындарға қатысты жалпы табыс пайдаға қарағанда неғұрлым қолайлы болып табылады.

Жалпы кіріс құрылымының үшінші нұсқасы жаңа жабдықты пайдалана отырып, сапалы жаңа өнім шығаруды игеретін кәсіпорындар үшін тән. Бұл әдетте өз саласындағы техникалық прогресті басқаратын шағын компаниялар. Жаңа тауарды құру кезеңінде тұрақты капиталдың шығындары едәуір өседі, еңбек шығындары біршама ұлғаяды және пайда күрт төмендейді. Демек, жалпы табыс шамасына салық ставкасын белгілеу қолайсыз болып табылады, өйткені бұл жағдайда бюджетке барлық пайда ғана емес, аванс берілген капиталдың бір бөлігі де алынады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер ететін тағы бір экономикалық фактор шығарылатын өнімнің салалық ерекшеліктері болып табылады, атап айтқанда: өндіріс

шығындары құрылымындағы жалақы үлесі, шығарылатын өнімнің табыстылығы (рентабельділігі), ауыспалы капиталдың айналымдылығы.

Жүргізілген талдау жалпы табыстың салық салу объектісі ретінде әлсіз реттеуші құрамдас бөлігінің фискалдық әлеуеті екенін көрсетті. Дамыған елдерде табыс салығы мемлекеттік реттеудің оңтайлы негізі болады, бірақ мұндай салықтың фискалдық салыстырмалы түрде төмен дәрежеде және дағдарыс кезеңінде төмендейді. Кәсіпорын қызметінің салықтық реттелуі пайданың деңгейіне әсер ету және шығындарды бақылау арқылы орындалуы мүмкін. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде шығындарды жоғарылату арқылы пайданы төмендету сирек кездесетін құбылыс. Дайын өніммен пайдасы жоғары нарықтардың болуымен байланысты. Салық төлеушілер мен мемлекеттік кірістер органдары, ереже түрінде тауардың орта бағасы туралы және оның өзіндік құны туралы мәліметтермен хабардар болады.

Осылайша, салық салу объектісін тандау ұдайы өндіріс үдерісінің жай-күйі мен сатысын ескере отырып, мемлекет жүргізіп отырған экономикалық саясаттың максаттары мен міндеттерімен айқындалуы тиіс. Кәсіпорындардың қызметін салықтық реттеу пайда деңгейіне әсер ету жолымен де, өндірілетін шығындарды бақылау арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Себебі өнімді жасау шығындарына оны өндіруге және сатуға жұмсалған барлық кәсіпорынмен байланысты шығындар жатады. Алайда, салық төлеушілерде тауардың өзіндік құнын жасанды түрде көтеру ниеті пайда болуы мүмкін. Осыған байланысты бірқатар елдердің салық салу практикасында құрамы бойынша өзінің экономикалық баламасының айтарлықтай мәні бар «салықтық өзіндік құны» ұғымы қолданылады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде шығындарды негізсіз арттыру арқылы пайданы төмендету сирек кездесетін құбылыс. Ресурстар мен дайын өнімнің тиімді нарықтарының болуына байланысты. Төлеушілер мен салық органдары, әдетте, тауарға нарықтық баға және оның орташа өзіндік құны туралы ақпаратқа ие болады. Өтпелі экономикасы бар елдерде нарықтық инфрақұрылым болмауынан шығындарды арттыру едәуір жиі кездеседі. Бұл мемлекетке салық салынатын базаны қалыптастыру кезінде шегерімге рұқсат етілетін шығыстарды анықтауға мүмкіндік беретін «тауардың өзіндік құны» санатының маңыздылығын білдіреді, осылайша оның есебін бақылауды арттыруға мүмкіндік береді.

1-кестеге сәйкес жалпы ішкі өнімдегі үлесі жиынтық салықтық квотаның қаржылық көрсеткіштерін анықтайды, елдің макроэкономикалық негізіне корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық түсімдердің жалпы қатынасын анықтайтын ол – жалпы ішкі өнім.

Кесте 1 – 2015–2019 жж. Қазақстандағы салықтық жүктеменің динамикасы

Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж. 11 айы
1. Жалпы ішкі өнім	млрд тг	40 884,1	46 971,2	53 101,3	39 767,1	44 139,4
2. Салықтық түсімдер	млрд тг	4883,9	6023,3	6810,8	7890,0	8163,6
оның ішінде: КТС	млрд тг	1224,6	1437,4	1538,8	1687,6	1589,4
3. Салықтық жүктеме	%	11,9	12,8	12,8	19,8	18,5
4. ЖІӨ КТС үлесі	%	3,0	3,1	2,9	4,2	3,6
Ескертпе – ҚР Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетенінің мәліметтері негізінде [7].						

2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін бюджеттің барлық кірістерінің жартысына жуығы мұнай-газ және қосымша құн салығы шамамен төрттен бір бөлігін алады. Мемлекеттік бюджеттің негізгі бөлігі салықтар мен баждар есебінен қалыптасады, олар 50%-дан астамын құрайды. Корпоративті табыс салығының үлесі бюджетте төмен 3,6% құрайды. 2009 жылы жаңа Салық Кодексінде бизнес-құрылымдарға салық ауыртпалығын төмендетуді ендіру кәсіпкерлердің үміттерін ақтады. 2010 ж. мен 2014 ж. аралығында салықтық жүктеме 4,3%-ға төмендеді. Ал 2015 ж. және 2019 ж. 11 айы аралығында кәсіпорынның табысына жүктеме 1,5%-ға өсіп отыр. 2015 ж. мен 2019 ж. 11 айы аралығында Қазақстан бойынша келтірілген есептеулер, салықтық жүктеменің деңгейі жоғарылау үрдісін көрсетеді. Соған қарамастан 2015 ж. салыстырғанда корпоративті табыс салығының үлесі 2019 ж. 11 айы бойынша 0,6%-ға өсіп отыр.

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің салық ауыртпалығының деңгейі бойынша зерделей отырып, айтарлықтай айырмашылығы барын көріп отырмыз. Елдердің үш тобын бөліп

көрсетуге болады: ЖІӨ-дегі салықтық алымдардың үлесі 45–55%-ды, төмен – 25%-ға жуық және орташа – 30–40%-ды құрайды. Бірінші топқа ең алдымен Скандинавия елдері, сондай-ақ Бенилюкс елдерін жатқызуға болады. Салықтық алымдар деңгейі төмен елдер – Түркия, Оңтүстік Корея, Мексика. Орташа салық жүктемесі бар елдер – АҚШ, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Канада.

АҚШ-та корпорациялардың табысына салынатын салық ставкалары – прогрессивті және сараланған. Олар салық салынатын табыстың сомасына байланысты 15-тен 35%-ға дейін өседі. Ұлыбританияда корпорациялардың пайда салығы шағын және орта кәсіпорындарды ынталандыру үшін салынған. Салық ставкасы 30%, шағын бизнес үшін – 20% мөлшерінде белгіленген. Машиналар мен жабдықтардың амортизациясы (жыл сайын 25%-ға дейін), ғимараттардың амортизациясы (жыл сайын 4%-ға дейін), ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалатын шығындардың 100% есебінен салық салынатын базаны азайту мүмкіндігі көзделген. Францияда корпорациялардың табыстарына салынатын салық үлесі бюджетте шамамен 10%-ды құрайды. Салық төлеуші мүлкті сатудан түскен табысты қоса алғанда, барлық қызмет түрлері бойынша кез-келген операциялардан алған таза табыс салық салу объектісі болып табылады. Салық ставкалары шағын және орта бизнесті саралау жолымен ынталандыруға бағытталған [8].

Нарықтық экономикасы дамыған елдердегідей тікелей және жанама салықтар арасындағы ең жақсы қатынастарды біріктіру мақсатында жекелеген салықтарды құрылымдық іріктеуге елеулі көңіл бөлуіміз қажет.

Республиканың әрбір өңірінде әлеуметтік-экономикалық ахуалының, қаржылық жағдайының тұрақты өсуі, тұрғындардың тұрмысының жоғарылауы, тиімді шетелдік инвестицияларды тартып, өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығы саласын, шағын және орта кәсіпорындарды дамыту сияқты өзекті мәселелерді қарастырып, нақты іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда. Кәсіпорын қызметін салықтық реттеу әдістерін қолдануды жетілдірудегі кәсіпорын табысына салынатын салықты қайта қалыптастырудың негізгі мақсаты салық ставкаларын азайту мен салық жеңілдіктерін есептеуді оңайлату және оңтайландыру болып табылады.

Табыс салығын салуды оңтайландыру салық салынатын базаны кеңейтеді және табыс деңгейі бірдей салалардың тең дәрежеде қызметін қамтамасыз етеді.

Мәселен, шағын және орта бизнес салалары үшін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді міндетті төлеу жасалды. Бұл салық салуды едәуір жеңілдетеді және кәсіпорындар жұмысын дұрыс жоспарламағаны үшін жазаны алып тастайды. Шағын және орта бизнес үшін корпоративтік табыс салығын алдын-ала төлеу талабы алынып тасталады.

Аванстық төлемдер бір жыл ішінде корпоративтік табыс салығын төлеу ставкасы енгізілген түзетулерді ескере отырып, алдыңғы салық кезеңі үшін жалпы жылдық табысы тиісті салық жылына арналған республика бюджеті туралы заңда белгіленген айлық есеппен 325 000 есе сомадан асатын төлеушілерге ғана қатысты. Бұдан басқа, барлық компаниялар үшін шығындарды үш жылдан он жылға дейін ұзарту қарастырылып отыр. Сондықтан олар кәсіпорындарға тартылған күрделі қаражаттарға салықтық жеңілдіктердің артықшылықтарын барынша қолдану жағдайын иеленеді. Қазақстанда корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесін азайту отандық кәсіпорындардың бәсекелестерден артықшылықты иеленудегі оң қадамдардың бірі болуы мүмкін. Бұл компаниялар үшін кредит алмай, негізгі және жұмыс капиталын барынша арттырудың тиімді жолы болып табылады. Корпоративтік табыс салығының аясында жетілдіру шаралары салықтық есептілік нысандарында кеткен қателерді түзеу, ынталандыру мақсатындағы жеңілдіктер қатарын көбейту, тәжірибеде орын алған аванстық төлемдердің мәселелерін шешу мақсатында, жалған кәсіпкерліктің шынайы бизнеске кедергі келтіру фактілерін болғызбау үшін салық заңнамасына толықтырулар енгізу қажет.

Жалпы қорытындылай келе, салықтың төмендетілуі кәсіпкерлік белсенділіктің арттырылуына, кәсіпорындардың көптеген айналым құралдарының босатылып шығарылуына әкеледі, олар өз жағынан отандық өндірісті қосымша инвестициялауға бағытталады. Бұл негізгі салықтың есептелуі қаржылық есептің халықаралық салық базасының мөлшерін дұрыс анықтауға және корпоративтік табыс салығы бойынша салық есебін оптимизациялауға мүмкіндік береді. Бұл қазақстандық кәсіпкерлер үшін жақсы қолдау болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Нұрымов А.А., Шоймбаева С.А. Салық және салық салу: оқу құралы. – Астана, 2009. – 280 б.
- 2 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі). Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120–VIҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
- 3 Жақыпбеков Д.С. Қазақстандық кәсіпорындарға салық салу, салық есебі мен есептілігін ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009. – 410 б.
- 4 Ержанов М.С., Нурумов А.А. Қазақстандық кәсіпорындардың қаржылық есептілігі: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007. – 180 б.
- 5 Мамыров М. Корпоративтік табыс салығы ел бюджетін құрушы негізгі салық // АльПари. – 2015. – № 1. – 28–33 б.
- 6 Ельбергенев А.П. Кәсіпорындарда салық есептілігін ұйымдастыру // АльПари. – 2016. – № 1. – 22–27 б.
- 7 ҚР Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетендері: <http://www.minfin.gov.kz>.
- 8 Пансков В.Г. Налоги и налогообложение: учебник и практикум для прикладного бакалавриата. – 5-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2016. – 382 с. Текст: электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. URL: <https://urait.ru/bcode/389273> (дата обращения: 11.01.2020).

Аннотация

В настоящее время одной из главных целей экономического развития является определение уровня налогов, поступающих от предприятий, выявление влияния корпоративного подоходного налога на состояние предприятия и принятие необходимых мер по его глубокому анализу. В статье проанализированы пути совершенствования методов стимулирования эффективного регулирования налогообложения доходов предприятий. Основной целью реформирования корпоративного подоходного налога в области совершенствования методов налогового регулирования деятельности предприятия является упрощение порядка исчисления и оптимизация налоговых льгот со снижением налоговых ставок. Исключено требование об уплате авансовых платежей по корпоративному подоходному налогу для предприятий малого и среднего бизнеса. Эффективное снижение налоговой нагрузки на предприятия, субъекты предпринимательства, малые и средние предприятия позволяет улучшить реализацию налоговых стимулов на предприятиях в Казахстане – снизить необходимость для предприятий, предпринимателей скрывать свои доходы, устранить уклонение от уплаты налогов, высвободить большое количество бизнес-инструментов для повышения деловой активности, дополнительно инвестировать отечественное производство. Механизм налогового стимулирования не только будет способствовать прибыльному функционированию предприятий, но и обеспечит полное и своевременное развитие производства и полное поступление налогов в бюджет, а также устраним теневой бизнес и окажет положительное влияние на общее экономическое развитие.

Ключевые слова: предприятие, доход, налоговое стимулирование, налоговая нагрузка, налогообложение, регулирование, бизнес-инструменты, инвестирование производства.

Abstract

Currently, one of the main goals of the economy is determination the level of taxes received from enterprises, identification the impact of corporate income tax on the state of the enterprise and taking the necessary measures for its in-depth analysis. The article analyzes ways of improving methods of stimulating effective regulation of corporate income taxation. The main goal of the corporate income tax reforming in the field of improving the methods of tax regulation is to simplify the procedure for calculating and optimizing tax benefits with lowering tax rates. The requirement to pay advance corporate income tax payments for small and medium-sized businesses is excluded. Effective reduction of the tax burden on enterprises, business entities, small and medium-sized businesses that can improve the implementation of tax incentives in Kazakhstan – reduce the need for enterprises and entrepreneurs to hide their income, eliminate tax evasion, and release a large number of business tools for increase business activity, additionally invest in domestic production. The tax incentive mechanism will not only stimulate the business to operate profitably, but also ensure the full and timely development of production and the full receipt of taxes to the budget, as well as eliminate the shadow business and have a positive impact on overall economic development.

Key words: enterprise, income, tax incentives, tax burden, taxation, regulation, business tools, production investment.